ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1270670 сатып алу бойынша
Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен

Лот № (17 У, 4581509) Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу қызметі

Тапсырыс беруші: ТОО «СП «Caspi Bitum»
Ұйымдастырушы: ТОО «СП «Caspi Bitum»

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	17 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу қызметі, Ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер (пайдаланушыларды сертификаттау, қолжетімділікті алу және т.б.)
Қосымша сипаттама	ҚР және ТМД контрагенттерін тексеру, жұмысқа орналасуға кандидаттарды тексеру бойынша ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті ұсыну жөніндегі қызметтер және т. б.
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, г. Актау, промышленная зона 5, здание 65
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

ТЕХНИКАЛЫҚ

ЕРЕКШЕЛІК

контрагенттерді тексеру ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беру бойынша көрсетілетін қызметтерге

1. Сатып алу нысаны

1.1.Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен дара кәсіпкерлері және шетелдік юрисдикциялар туралы агрегатталған деректердің ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - жүйе, қызметтер) Тапсырыс берушінің пайдаланушыларының почта мекенжайларын 2 (екі аккаунтқа) қосу жолымен, субъектілердің өзекті мәртебесін веб-шолғыш арқылы арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатпай-ақ, мемлекеттік тізілімдерде қарау мүмкіндігімен қызмет көрсету Тапсырыс берушінің жабдықтары.

1.2. Қызметтер Тапсырыс берушінің контрагенттері мен әлеуетті контрагенттерінің сенімділігін тексеру, тәуекелдерді басқару, комплаенс-бақылау және мүдделер қақтығысын анықтау мақсатында көрсетіледі.

1.3. Жүйеде бір мезгілде жұмыс істейтін Пайдаланушылардың (есептік жазбалардың) саны: 2 (екі). Қызметтерді көрсету мерзімі ішіндегі сұрау салулардың, досьелердің және көшірмелердің (выгрузка) саны: кемінде 50 (елу).

1.4. Осы ерекшелікте мынадай қысқартулар қолданылады: БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі; ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі; ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші; ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба; ЖИ – жасанды интеллект; ЖЛТ – жария лауазымды тұлға; ТЖК – тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер; ЗТ – заңды тұлға; ЖК – жеке кәсіпкер; ЖТ – жеке тұлға.

1.5. Әрбір субъектілер санаты бойынша Жүйеде көрсетілуге жататын көрсеткіштер тізбесі осы ерекшеліктің ажырамас бөлігі болып табылатын № 1 қосымшада «Көрсеткіштердің толық тізбесі» келтірілген.

1.6. Осы ерекшеліктің талаптары ең төменгі талаптар болып табылады. Бірдей нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін балама шешімдерді ұсынуға жол беріледі. Жүйенің бөлімдері, модульдері мен функцияларының атаулары олардың функционалдық мазмұны сәйкес келген жағдайда осы ерекшелікте қолданылатын атаулардан өзгеше болуы мүмкін.

2. Жүйенің сипаттамасы және функционалдық талаптары

Контрагентті іздеу және контрагент карточкасы

2.1. Жүйе Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік субъектілері (заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер) туралы мәліметтерді мынадай өлшемдер бойынша іздеуді және тексеруді қамтамасыз етуі тиіс:

2.1.1. БСН және ЖСН бойынша;

2.1.2. заңды тұлғаның атауы бойынша (толық сәйкестік және ішінара енгізу бойынша);

2.1.3. басшының Т.А.Ә. (тегі, аты, әкесінің аты) бойынша.

2.2. Жүйе субъектілерді мынадай параметрлер бойынша кеңейтілген сүзгілеу (іріктеу) тетігімен жарақтандырылуы тиіс:

2.2.1. тіркелген өңірі бойынша;

2.2.2. негізгі және қосымша экономикалық қызмет түрлері бойынша (ЭҚЖЖ бойынша);

2.2.3. құрылтайшының Т.А.Ә. бойынша;

2.2.4. салықтық аударымдар сомасы және салық тәуекелінің дәрежесі бойынша;

2.2.5. лицензиялардың болуы және мәртебесі бойынша;

2.2.6. тіркелген күні бойынша;

2.2.7. сот істерінің болуы бойынша.

2.3. Жүйе кәсіпорын бойынша тұтастай алғанда тіркелген еңбек шарттарының саны және қызметкерлердің орташа айлық жалақысы туралы өткен кезеңдердегі өзекті және тарихи деректерді, штаттың жалпы саны мен орташа айлық жалақы динамикасын (өсу, төмендеу, тұрақтылық) көрнекі көрсететін интерактивті график түрінде бейнелей отырып, ұсынуы тиіс.

2.4. Контрагент карточкасында ашық дереккөздердегі деректер негізінде талдау және визуализация пайдаланылып, мынадай параметрлер бойынша мәліметтер графикалық түрде көрсетілуі тиіс:

2.4.1. кәсіпорын мөлшері;

2.4.2. салықтық аударымдар;

2.4.3. лицензиялар мен сертификаттар;

2.4.4. сот істеріне қатысуы;

2.4.5. сатып алуларға қатысуы.

2.5. Контрагент карточкасының салықтық ақпарат бөлімінде контрагент бойынша салықтық аударымдарға қысқаша талдамалық шолу жасалған ЖИ-көмекшісінің түсініктемесі болуы тиіс. Қолданылатын салық салу режимі туралы ақпарат бөлек көрсетілуі тиіс.

2.6. Жүйе тексерілетін заңды тұлғамен ортақ құрылтайшысы бар ұйымдар (қарындас ұйымдар) туралы мәліметтерді көрсетуі тиіс.

2.7. Жүйе ресми дереккөздерде орналастырылған контрагенттің қолданыстағы және мерзімі өткен құжаттары (лицензиялар, рұқсаттар, сертификаттар) туралы мәліметтерді құжатты берген органды көрсете отырып және құжатты PDF форматында жүктеп алу мүмкіндігімен көрсетуі тиіс.

2.8. Жүйе контрагенттің сенімділігінің жиынтық бағасын әрбір параметрді талдай отырып және олар бойынша қысқаша ақпаратпен, оның ішінде мыналарды қоса алғанда, пайыздық көріністе көрсетуі тиіс:

2.8.1. сатып алу қызметін бағалау;

2.8.2. қаржылық тұрақтылықты бағалау;

2.8.3. сот тәуекелдерін бағалау;

2.8.4. салық тәртібін бағалау;

2.8.5. іскерлік беделді бағалау;

2.8.6. кадр әлеуетін бағалау.

2.9. Жиынтық бағаны есептеу әдістемесі Пайдаланушыға Жүйе интерфейсінде не ілеспе құжаттамада қолжетімді болуы тиіс.

Халықаралық тәуекелдер, санкциялар және саяси мәні бар тұлғалар

2.10. Жүйеде заңды және жеке тұлғаларды халықаралық тәуекел тізілімдері, жаһандық деректер қорлары және ашық дереккөздер бойынша тексеру модулі іске асырылуы тиіс. Жүйе тексерілетін субъект туралы ақпаратты талдайды және анықталған мәліметтерді мынадай тәуекел санаттары бойынша бөледі:

2.10.1. санкциялық шектеулер: халықаралық санкциялық және бұғаттау тізімдеріне енгізу, активтерді қатыру, кіруге тыйым салу және өзге де шектеу шаралары;

2.10.2. саяси мәні бар тұлғалар: елеулі мемлекеттік немесе қоғамдық өкілеттіктермен қамтамасыз етілген тұлғаларды, сондай-ақ олармен байланысты тұлғаларды анықтау;

2.10.3. қаржылық қылмыстар: салық төлеуден жалтару, ақшаны жылыстату, алаяқтық, парақорлық, сыбайлас жемқорлық, жымқыру және өзге де қаржылық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер;

2.10.4. ұйымдасқан қылмыс: қылмыстық сөз байласуға қатысу, есірткі саудасы, қорқытып алу, адам ұрлау, қару-жарақтың заңсыз айналымы және контрабанда;

2.10.5. терроризм және экстремизм: террористік және экстремистік ұйымдармен байланыстар, терроризмді қаржыландыру, мемлекетке сатқындық және әскери қылмыстар туралы мәліметтер;

2.10.6. іскерлік және реттеушілік тәуекелдер: қаржы реттеушілерінің талаптарын сақтамау, монополияға қарсы заңнаманы бұзу, өкілеттікті теріс пайдалану, сондай-ақ қадағалау органдарының ресми нұсқамалары мен ескертулері;

2.10.7. өзге де тәуекелдер: киберқылмыс, хакерлік шабуылдар, ресурстарды заңсыз өндіру, дәрілік заттарды заңсыз өндіру немесе өткізу және құқыққа қайшы қызметтің басқа да түрлері.

2.11. Тексеру нәтижелері бойынша Жүйе мынадай мәліметтерді қамтитын егжей-тегжейлі жазбаны қалыптастыруы тиіс: тексерілетін субъектімен байланысты халықаралық тәуекелдер туралы негізгі мәліметтер; жазбалардың қысқаша сипаттамасы мен хронологиясы; атауы/Т.А.Ә.; субъектінің санаты; азаматтығы/тіркелген елі; байланысты тұлғалар мен ұйымдар; субъектінің тиісті тізілімдерге енгізілген күндері; дереккөздерге тікелей сілтемелер.

2.12. Жүйеде контрагенттер мен жеке тұлғаларды ұлттық және халықаралық шектеу тізімдеріне енгізілгенін кешенді тексеруге арналған, мыналарды қамтамасыз ететін санкциялар модулі болуы тиіс:

2.12.1. OFAC (АҚШ), Еуропалық одақ, Ұлыбритания (UK HMT), БҰҰ халықаралық санкциялық тізімдері және өзге де қолданыстағы тізімдер бойынша тексеру;

2.12.2. шетелдік санкциялық тізімдер бойынша кирилл жазуымен транслитерация функциясы арқылы іздеу;

2.12.3. іздеу нәтижесінің іздеп отырған атауға не Т.А.Ә.-ге сәйкестік пайызын көрсету;

2.12.4. контрагенттің мәртебесін (сәйкестіктер бар/жоқ) көрсету;

2.12.5. тұлға немесе ұйым енгізілген тізім туралы, сондай-ақ енгізу күні мен негіздері туралы ақпаратты көрсету;

2.12.6. нәтижелерді ішкі есептілік үшін Excel, PDF, Word форматтарында көшіру (выгрузка).

2.13. Жүйе жеке тұлғалардың жария лауазымды тұлғалар / саяси мәні бар тұлғалар (ЖЛТ /PEP) санатына жататынын тексеруді осындай тұлғаның кеңейтілген карточкасын қалыптастыра отырып қамтамасыз етуі тиіс.

2.14. Жүйе бенефициарлық меншік иелерін офшорлық дерекқорлар мен деректер жаңылысқан (утечка) жағдайларының базаларында (Pandora Papers, Panama Papers, Bahamas Leaks, Paradise Papers, Offshore Leaks) бар-жоғына тексеруді қамтамасыз етуі тиіс.

2.15. Жүйе компания туралы БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және жаңалықтар ресурстарында соңғы аталуларды қарау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Жасанды интеллект және шетелдік юрисдикциялар

2.16. Жүйеде сұрау салулар тарихын сақтай отырып, чат форматында контрагенттерді (Қазақстан Республикасының ЗТ және ЖК) жан-жақты кешенді талдауға арналған ЖИ-көмекшісі іске асырылуы тиіс. ЖИ-көмекшісі контрагенттің құрылымдалған бизнес-портретін оны PDF форматында жүктеп алу мүмкіндігімен қалыптастыруы тиіс. Бизнес-портрет тәуекелдерді бағалауды, негізгі көрсеткіштерді және өзара іс-қимыл бойынша ұсынымдарды қамтуы тиіс. ЖИ-көмекшісінде алдын ала дайындалған жылдам сұрақтар тақтасы болуы тиіс.

2.17. ЖИ пайдаланылып қалыптастырылған нәтижелер мәліметтер дереккөздеріне сілтемелермен ілесіп жүруі және ЖИ пайдаланылып қалыптастырылған деп белгіленуі тиіс.

2.18. Жүйе іздеу сұрауы бойынша кемінде мына шет мемлекеттердің заңды тұлғаларын іздеуді қамтамасыз етуі тиіс: Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Украина, Беларусь, Абхазия, Австрия, Әзірбайжан, Армения, Бельгия, Ұлыбритания, Грузия, Дания, Доминикана, Израиль, Канада, Кипр, Катар, Кувейт, Кюрасао, Литва, Латвия, Маршалл аралдары, Монако, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, БАӘ, Польша, Сингапур, Фарер аралдары, Хорватия, Чехия, Швейцария, Эстония және басқа да елдер.

2.19. Жүйе ашық дереккөздер бойынша ЖИ технологияларын пайдалана отырып, компания туралы табылған ақпаратты санаттар бойынша автоматты түрде жинай, талдай және құрылымдай отырып, алынған мәліметтердің дереккөздерін көрсетумен және нәтижені есеп түрінде жүктеп алу мүмкіндігімен шетелдік заңды тұлғаларды жаһандық іздеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Сот істері

2.20. Контрагент карточкасындағы «Сот істері» бөлімінде мынадай параметрлер бойынша ақпарат егжей-тегжейлі көрсетілуі және Excel форматындағы бөлек файлда жүктеп алу мүмкіндігі болуы тиіс:

2.20.1. нақты кезеңдегі сот істерінің саны;

2.20.2. сот істерінің азаматтық, қылмыстық және әкімшілік болып бөлінген графигі;

2.20.3. сот істерінің рөлдері, түрі және нәтижесі бойынша статистикасы, әрбір тармақ бойынша істер санын және сот істерінің жалпы санынан пайыздық арақатынасын көрсете отырып;

2.20.4. барлық сот істерін мәртебесі, іс санаты, рөлі, түрі және кезеңі бойынша сүзгілеу.

2.21. «Сот істері» бөлімінде Жүйе әрбір сот ісі бойынша негізгі тіркеу ақпаратын және істің барысын хронологиялық тәртіппен қамтитын егжей-тегжейлі карточканы ұсынуы тиіс. Тіркелген электрондық сот құжаттарының барлығын қарау және жүктеп алу, қысқаша мазмұнды қалыптастыру үшін олардың мазмұнын ЖИ технологияларын пайдалана отырып автоматтандырылған талдау, сондай-ақ мемлекеттік тілден орыс тіліне аудару және нәтижені PDF форматындағы есеп түрінде жүктеп алу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Мемлекеттік сатып алулар және «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алулары

2.22. Контрагент карточкасында Жүйе мемлекеттік сатып алулар және «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алулары шарттары бойынша мынадай графиктерді қалыптастыруы тиіс:

2.22.1. әр жыл бойынша жасалған шарттардың сомалары мен саны;

2.22.2. контрагенттің тапсырыс берушілері мен өнім берушілері, шарттардың сомалары мен санын көрсете отырып;

2.22.3. контрагент өнім беруші және/немесе тапсырыс беруші ретінде жеткізетін ТЖК, шарттардың санын және ТЖК кодын көрсете отырып, кестелік және графикалық түрде;

2.22.4. өнім беруші және/немесе тапсырыс беруші рөліндегі негізгі сатып алу тәсілдері (баға ұсыныстарын сұрату, бір көзден алу, электрондық дүкен және т.б.) санын көрсете отырып;

2.22.5. өнім беруші және тапсырыс беруші рөліндегі жасалған шарттардың берілген параметрлер бойынша сүзгілеу мүмкіндігімен және тізімді Excel форматында көшіру мүмкіндігімен толық егжей-тегжейлі сипаттамасы.

2.23. Жүйе Қазақстан Республикасының аумағындағы сатып алулар мен тендерлерге (мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуларды қоса алғанда) қатысу туралы, оның ішінде мынадай деректерді ұсынуы тиіс:

2.23.1. сатып алуларды мынадай параметрлер бойынша іздеу және сүзгілеу: тапсырыс беруші, сатып алу нысаны, сома, рәсім мәртебесі, өткізу күндері;

2.23.2. компанияның қатысуын талдау (тапсырыс берушінің/қатысушының БСН бойынша): өтінімдер саны, ұтылған және ұтқан тендерлер;

2.23.3. қатысу динамикасы: кезеңдер бойынша (ай/тоқсан/жыл) берілген өтінімдер саны, ұтып алған және ұтылған рәсімдердің арақатынасы, жеңістердің орташа пайызы;

2.23.4. ұтылған тендерлер: қатысушы жеңе алмаған рәсімдердің тізімі; ұтылу себептері (ресми хаттамалар деректері бойынша); жеңімпазбен салыстырғанда ұсынылған баға мен шарттарды талдау;

2.23.5. контрагенттің тендерлеріне өнім беруші ретінде де, тапсырыс беруші ретінде де берілген шағымдар мен тендерлерге арыздану: берілген күні, қарайтын орган, қарау мәртебесі (қарауда, қанағаттандырылды, қабылданбады), берілген, қанағаттандырылған және қабылданбаған шағымдар саны, шағымдардың тендер нәтижесіне әсері (рәсімді жою, шешімді қайта қарау);

2.23.6. ақпаратты графикалық түрде (қатысу динамикасы, ұтылған/ұтып алынған тендерлер) талдамаларды Excel/PDF форматында экспорттау мүмкіндігімен көрсету;

2.23.7. тексерілетін контрагент қатысқан тендерлерге қатысқан бәсекелестерді көрсету.

Контрагенттер мен жеке тұлғалардың сенімділігі

2.24. Жүйе заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің сенімділігі туралы мәліметтерді, оның ішінде субъектінің уәкілетті органдардың мына тізілімдерінде, тізімдерінде, тізбелерінде және хабарландыруларында бар-жоғы туралы мәліметтерді ұсынуы тиіс:

2.24.1. салықтық бақылау: бірінші және екінші жартыжылдықта салықтық тексеруге түскен компаниялардың тізімдері; 150 АЕК-тен асатын салықтық берешегі бар салық төлеушілер; мониторингке жататын ірі салық төлеушілер тізбесі;

2.24.2. субъектінің мәртебесі: таратылу сатысында; әрекетсіз кәсіпорын; тіркеу жарамсыз деп танылған; Салық кодексінің нормаларын бұза отырып қайта ұйымдастыру; заңды мекенжайы бойынша болмау; жалған кәсіпорын; статистикалық тіркелімнен алып тастау (Ұлттық статистика бюросы, stat.gov.kz);

2.24.3. банкроттық және оңалту: «Банкрот» тізімі; сот шешімі банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген банкроттар; банкроттық рәсімі аяқталған банкроттар; оңалту кезеңі басталған банкроттар; банкроттық немесе оңалту рәсімдері қозғалған ұйымдар;

2.24.4. хабарландырулар: оңалту туралы іс қозғау туралы; оңалту рәсімін қолдану және уақытша әкімшінің талаптарды қабылдауы туралы; оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау және кредиторлардың талап қою тәртібі туралы; оңалту рәсімінде кредиторлар жиналысын өткізу туралы; банкроттық туралы іс қозғау және кредиторлардың уақытша басқарушыға талап қою тәртібі туралы; банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып тарату туралы; банкроттық рәсімінде кредиторлар жиналысын өткізу туралы;

2.24.5. шектеулер мен ауыртпалықтар: банк шоттарына тыйым салу; мүлікке тыйым салу; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуға уақытша шектеу; ЖТ мен ЗТ-ға қатысты тіркеу әрекеттерін жасауға тыйым салу; нотариаттық әрекеттер жасауға тыйым салу; тыйым салынған мүлікті сатуға тыйым салу; тыйым салынған мүлікті сату сауда-саттығы тізілімінде болу; заңды тұлға құрылтайшысының, оның ішінде басқа заңды тұлғалардың құрылтайшысы болып табылатын тұлғаның үлесіне ауыртпалық салу;

2.24.6. өзге де мәліметтер: қаржы пирамидасының белгілері бар, Қаржылық мониторинг агенттігі сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіп жатқан немесе аяқтаған жобалардың тізімдері; 1-жартыжылдыққа еңбек бойынша тексерулерге түскен компаниялардың тізімі; 1-жартыжылдыққа жариялануға жататын шетелден қаражат немесе өзге де мүлік алатын тұлғалардың тізілімі.

2.25. Жүйе жеке тұлғалардың (контрагенттердің басшыларының, құрылтайшыларының, бенефициарлық меншік иелерінің) сенімділігі туралы мәліметтерді олардың дербес деректерін өңдеуге заңды негіздер болған кезде, оның ішінде тұлғаның мына тізілімдерде және тізімдерде бар-жоғы туралы мәліметтерді ұсынуы тиіс:

2.25.1. іздеу: қылмыстық іздестіру; алимент бойынша борышкерлерді іздестіру;

2.25.2. берешектер: салықтық; кедендік төлемдер бойынша; атқару құжаттары мен атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер/жауапкерлер; алимент бойынша берешек;

2.25.3. шектеулер мен ауыртпалықтар: Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуға уақытша шектеу; банк шоттарына тыйым салу; мүлікке тыйым салу; тіркеу әрекеттерін жасауға тыйым салу; нотариаттық әрекеттер жасауға тыйым салу; тыйым салынған мүлікті сатуға тыйым салу; тыйым салынған мүлікті сату сауда-саттығы тізілімі;

2.25.4. сот талқылаулары;

2.25.5. терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі, сондай-ақ көрсетілген тізбеден алып тасталғандардың тізімі;

2.25.6. азаматтардың банкроттық рәсімдеріне қатысушыларының тізбесі; борышкерге қатысты берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы хабарландырулар.

2.26. Жүйе заңды тұлғалардың сенімділігі туралы тарихи деректерді көрсетілген көрсеткіштер бойынша алдыңғы кезеңдер үшін кезеңдер бойынша динамиканы графикалық бейнелей отырып, сондай-ақ жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік субъектілеріне қатысуы туралы тарихи деректерді ұсынуы тиіс.

Досье, меншік құрылымы, байланыстар және мүдделер қақтығысы

2.27. Жүйе заңды тұлғаларға досье жасауды берілген кезең бойынша автоматты тексерумен, тәуекелдер бойынша есеп алумен, контрагенттерді қапшықтар бойынша топтаумен және тексерулер тарихын хронологиялық тәртіппен ұсынумен қамтамасыз етуі тиіс. Досье мыналарды қамтуы тиіс:

2.27.1. компания туралы жалпы мәліметтер;

2.27.2. меншік құрылымы – түпкілікті бенефициарлық меншік иесіне дейінгі құрылтайшылар туралы ақпарат;

2.27.3. байланыстар – басшы, құрылтайшы, бұрынғы басшы, бұрынғы құрылтайшы, компания бойынша;

2.27.4. контрагент бойынша құжаттарды бекіту мүмкіндігі;

2.27.5. тексерулер тарихы – күні, нөмірі, мәртебесі, тексеру нәтижесі, тәуекелдер бойынша есепті және қорытындыны жүктеп алу мүмкіндігі.

2.28. Досье жасау кезінде Жүйе басшылар, құрылтайшылар және бенефициарлық меншік иелері бойынша мүдделер қақтығысын автоматтандырылған түрде анықтауды қамтамасыз етуі тиіс. Мүдделер қақтығысы анықталған кезде Жүйе оны айқындауға негіз болған мәртебелер мен байланыстарды, оның ішінде мыналарды көрнекі түрде бөліп көрсетуі тиіс:

2.28.1. жария лауазымды тұлға (ЖЛТ) болып табылады;

2.28.2. жария лауазымды тұлғамен (ЖЛТ) байланысы бар;

2.28.3. акционерлік қоғамның (АҚ) лауазымды тұлғасы болып табылады;

2.28.4. акционерлік қоғамның (АҚ) лауазымды тұлғасымен байланысы бар.

2.29. Анықталған мүдделер қақтығыстары, мәртебелер мен байланыстар меншік құрылымында тиісті тұлға мен оның рөлін көрсете отырып бейнеленуі тиіс.

2.30. Жүйе жанама байланыстарды анықтауды қамтамасыз етуі тиіс, бұл компаниялар мен жеке тұлғалар арасындағы өзара іс-қимылдың жасырын тізбектерін көруге мүмкіндік береді:

2.30.1. құрылтайшы, бұрынғы құрылтайшы, басшы және бұрынғы басшы бойынша;

2.30.2. байланыстар, мекенжайлар, бұрынғы мекенжайлар, филиалдар бойынша;

2.30.3. сатып алулар, тендерлер, шарттар және ортақ тапсырыс берушілер бойынша, тиісті шарт бетіне өту мүмкіндігімен;

2.30.4. соттар бойынша, тиісті іс бетіне өту мүмкіндігімен;

2.30.5. аффилиирленген тұлғалар бойынша.

2.31. Табылған байланыстар графикалық нысанда бейнеленуі тиіс.

2.32. Жүйе контрагенттің аффилиирлену моделін басшы және құрылтайшы бойынша бір веб-бетте (бір терезеде) құруды қамтамасыз етуі тиіс, бұл ретте мұндай байланыстар болған жағдайда байланыстар кемінде 5 деңгей бойынша құрылуы тиіс.

Қорытындылар және электрондық өзара іс-қимыл

2.33. Жүйе стандартты үлгілер мен талдамалық деректерді пайдалана отырып, досьені тексеру нәтижелері бойынша қорытындылар қалыптастыруды, оның ішінде мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

2.33.1. контрагент туралы жиналған ақпарат негізінде қорытындыны автоматты түрде жасау;

2.33.2. қорытындыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды күш беру үшін оны ЭЦҚ арқылы онлайн-режимде қол қою;

2.33.3. әрбір қорытындыға құжаттың түпнұсқалығын тексеруді және оған жылдам қолжетімділікті қамтамасыз ететін бірегей идентификатор (QR-код немесе өзге) беру;

2.33.4. қол қойылған қорытындыларды Жүйенің электрондық архивінде сақтау;

2.33.5. қорытындыларды PDF/Word форматтарында көшіру және электрондық құжат айналымы арқылы жіберу;

2.33.6. Тапсырыс берушінің сенімділіктің бір немесе басқа индикаторына арналған қорытындылардың өз үлгілерін дербес баптау мүмкіндігі.

2.34. Жүйе контрагенттермен электрондық өзара іс-қимылды, оның ішінде заңдық маңызы бар құжаттармен онлайн-режимде алмасуды және құжаттарды ЖСН/БСН немесе электрондық пошта мекенжайы бойынша жіберуді қамтамасыз етуі тиіс. Құжаттарға қол қою ЭЦҚ пайдаланылып онлайн-режимде жүзеге асырылуы тиіс, бұл ретте Пайдаланушылар әрбір жаңа әрекет (жіберу, алу, қол қою, өзгерістер енгізу) туралы хабарламалар алуы тиіс.

2.35. Контрагенттермен электрондық өзара іс-қимыл сервисі Пайдаланушының мәтіндік сұрауы бойынша әртүрлі типтегі құжаттарды жасауды, сондай-ақ олардың мазмұнын өңдеуді және қайта өңдеуді қамтамасыз ететін ЖИ-көмекшісі бар кірістірілген құжат редакторын қамтуы тиіс.

2.36. Құжат редакторына кірістірілген ЖИ-көмекшісі жүктелген және жасалған құжаттарды талдауды, оның ішінде тәуекелдерді анықтауды, мерзімдерді тексеруді, құжат мазмұны негізінде ұсынымдар мен жауаптар қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Тапсырыс берушінің қызметкерлері мен кандидаттары туралы мәліметтер

2.37. Жүйе Тапсырыс берушінің қызметкерлері мен жұмысқа кандидаттарына досье қалыптастыруды тек мүдделер қақтығысын анықтау және сенімділікті тексеру мақсатында, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негізде, мынадай көлемде қамтамасыз етуі тиіс:

2.37.1. заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлікке қатысуы туралы мәліметтер (ағымдағы және бұрынғы);

2.37.2. мемлекеттік тізілімдер деректері бойынша айқындалатын заңды және жеке тұлғалармен байланыстар және жұмыс орны;

2.37.3. жеке тұлғалардың сенімділігін тексеруге қойылатын талаптарда көрсетілген тізілімдер мен тізімдердегі мәліметтер;

2.37.4. жақын туыстары туралы мәліметтер субъектінің өзі ұсынған көлемде, оның ішінде мүдделер қақтығысын декларациялау шеңберінде.

2.38. Жүйе тексерілетін тұлға туралы мәліметтерді жалпыға қолжетімді дереккөздер мен тәуекелдер базалары бойынша, оның ішінде оның кәсіби және кәсіпкерлік қызметіне байланысты аталуларды қоса алғанда, кеңейтілген веб-іздеуді тәуекел деңгейін бағалай отырып егжей-тегжейлі талдамалық қорытынды қалыптастыра отырып қамтамасыз етуі тиіс.

3. Орындаушыға қойылатын талаптар және Қызметтерді көрсету шарттары

3.1. Дербес деректерді өңдеуді Орындаушы Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне және өзге де заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. Дербес деректерді сақтау Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан дерекқорларда жүзеге асырылады. Орындаушы Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша деректер дереккөздерінің заңдылығын растайды.

3.2. Жүйе интерфейсінде интерфейс тілін қазақ және орыс тілдеріне ауыстыру мүмкіндігі іске асырылуы тиіс.

3.3. Орындаушы шарт шеңберінде қосымша ақы алмай, Жүйені Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелерімен API арқылы интеграциялау мүмкіндігін қамтамасыз етеді және API бойынша техникалық құжаттаманы ұсынады.

3.4. Орындаушы Пайдаланушыларға электрондық пошта және телефондар арқылы Астана қаласының уақыты бойынша жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін техникалық қолдау қызметін қамтамасыз етеді. Өтінімге үн қату уақыты – 1 сағаттан аспайды.

3.5. Жүйе интерфейсінде Пайдаланушыға Жүйемен жұмыс істеуде көмек көрсету үшін ЖИ негізіндегі автоматтандырылған көмекші көзделуі тиіс.

3.6. Орындаушы Тапсырыс берушінің сұрау салуларының және тексеру нәтижелерінің құпиялылығын қамтамасыз етеді: сұрау салулардың фактісі мен мазмұнын үшінші тұлғаларға жария етпейді және оларды өзге мақсаттарда пайдаланбайды.

3.7. Орындаушы Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға әкеп соқтыратын алдағы профилактикалық жұмыстар туралы Тапсырыс берушіні кемінде 24 (жиырма төрт) сағат бұрын хабардар етеді және оларды жүргізу кезінде шарт шеңберінде қажетті ақпаратты табуда Тапсырыс берушіге жәрдем көрсетеді.

3.8. Орындаушы бағдарламалық қамтамасыз етуге авторлық құқығы болуға міндетті;

3.9. Орындаушының бағдарламалық қамтамасыз етуі (ақпараттық жүйесі) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4. Қызметтерді көрсету тәртібі және мерзімдері

4.1. Қызметтерді көрсету мерзімі – шарт жасалған күннен бастап 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күн ішінде.

4.2. Жүйеге қолжетімділік шарт жасалған және Тапсырыс берушіден Пайдаланушылардың электрондық пошта мекенжайларының тізімі алынған жағдайда тиісті күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап беріледі. Қызметтер қашықтан, Интернет желісі арқылы көрсетіледі.

4.3. Жүйе тәулік бойы қолжетімді болуы тиіс;

4.5. Қызметтерді қабылдау шартта көзделген тәртіппен көрсетілген қызметтердің актісі бойынша жүзеге асырылады.

Қол қойған	Тусупбеков Асет Корданханулы
Қол қойылған күні	12.11.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1270670
способом Запрос ценовых предложений

Лот № (17 У, 4581509) Услуги по предоставлению доступа к информационным ресурсам

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "Совместное предприятие "CASPI BITUM"
Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Совместное предприятие "CASPI BITUM"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	17 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по предоставлению доступа к информационным ресурсам, Услуги по предоставлению доступа к информационным ресурсам (сертификация пользователей, получение доступа и др.)
Наименование категории ОКТРУ	Услуги по предоставлению доступа к информационным ресурсам
Дополнительная характеристика	Услуги по предоставлению доступа к информационным ресурсам по проверке контрагентов РК и СНГ, по проверке кандидатов по устройству на работу, и др.
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Мангистауская область, г. Актау, промышленная зона 5, здание 65
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2027 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 0%, Окончательный платеж - 100%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

на оказание услуг по предоставлению доступа к информационной системе проверки контрагентов

1. Предмет закупки

